

«Ш.Т.Еркіннов атындағы орта мектеп» КММ

Хаттама № 9

«23» мамыр 2024 жыл

2024 жыл 23 мамыр күні Ш.Т.Еркіннов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 6

Күн тәртібінде:

2024 жылдың мамыр айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т. Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана бөлмесі мен тазалығы, тамақтың дәмі мен берілісі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде айтып өтті.

Жарыссөз:

А.Айтбаева (комиссия мүшесі, мектеп медбибісі)

2024 жылдың мамыр айындағы тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының хабарламасын тыңдап отырмыз. Тамақтың дәмін, дайындалу сапасын қарап отырмыз. Мектеп асханасының ішкі тазалығы, ыдыс-аяқтардың тазалығы, азық-түліктердің тұтыну мерзімін қадағалап тексердік. Бекітілген мәзір бойынша тамақ беріліп отыр. Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Тамақ өнімдерінің сапасын куәландыратын құжаттары түгел.

Г.Есендьярова (комиссия мүшесі, ата-ана)

Мектептегі ыстық тамақтың берілісіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Ас мәзірі қаралды. Балалар тамақты жақсы ішіп отыр. Аспазшылар талапқа сәйкес тамақ беруде. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Тамақ сертификаттары тексерілді. Тағамдардың сақталу мерзімі қаралды. Қоймадағы, тоңазытқыштағы тағамдардың орналастырулары да қаралды.


Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:


1. Тамақтың сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қадағалау жүргізу әлеуметтік педагог Н.Губашеваға міндеттелінсін.


2. Мамыр айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог Н.Губашеваға міндеттелінсін.

Т.Калиева  Комиссия төрайымы, мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

М.Үмбетбаева  Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

А.Айтбаева  Мектеп медбибі

Г.Өтепова  Ата-ана

Г.Есендьярова  Ата-ана

Н.Губашева  Әлеуметтік педагог